

Колумбия округінің Жоғарғы сотында Қазақстан Республикасының мүддесін қорғау туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 23 қазан N 487-ө

Қазақстан Республикасына (Қазақ Люксембург сауда үйінің контрактісі) "Trans Commodities, Inc." компаниясының сот талабын болдырмау мақсатында:

1. Колумбия округінің Жоғарғы сотында Қазақстан Республикасының мүддесін қорғау үшін "White & Case" компаниясын таңдау туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ұсынысы мақұлданын.

2. "White & Case" компаниясы ұсынған Хат-келісім мәтіні мақұлданын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "White & Case" компаниясына 1996 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Үкіметінің кезек күттірмейтін мұқтаждарына көзделген қаражат есебінен 25 (жиырма бес) мың АҚШ доллары мөлшерінде аванстық төлем жүргізсін.

4. Егер "White & Case" компаниясының шығыстары жоғарыда көрсетілген сомадан асып кеткен жағдайда Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1996 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Үкіметінің кезек күттірмейтін мұқтаждарына көзделген қаражат есебінен 20 (жиырма) мың АҚШ доллары шегінде қосымша шығыстар төлеуді жүзеге асырсын.

Премьер-Министр